EGEMEN QAZAQSTAN

Мемлекеттілік мінбері

5 МАМЫР 2023 ЖЫЛ, ЖҰМА №84 (30563)

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Қазақстан-Тәжікстан:
Сенімге негізделген ынтымақтастық

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге мемлекеттік сапармен келген Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен шағын және кеңейтілген құрамда кездесті. Қазақстан басшысы биік дәрежелі қонаққа ілтипат білдіре отырып, Тәжікстан Қазақстанның сенімді стратегиялық серіктесі, сондай-ақ бауырлас әрі жақын мемлекет екенін атап өтті. Ал Тәжікстан басшысы алдымен екі ел арасындағы достық қарым-қатынасты бағалайтынын айтты. Осы қонақжай көңілде өткен кездесулерде бірқатар мәселенің түйіні шешілді.

Суретті түсірендер А.ДҮЙСЕНБАЕВ, Е.УКІБАЕВ

Гүлнар ЖОЛЖАН,
«Egemen Qazaqstan»

Мәдени байланыстың маңызы

Келіссөзге дейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Эмомали Рахмонды Ақорданың салтанатты рәсімдер залында қарсы алды. Екі мемлекет басшысы бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы екі ел басшыларына рапорт беріп, Қазақстан мен Тәжікстанның мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Бұдан кейін ел басшылары шағын құрамдағы кездесуге өтті.

– Бізді ежелден ортақ тарих, мәдени және рухани құндылықтар тығыз байланыстырады. Екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың 30 жылдығында Одақтастық өзара іс-қимыл туралы декларацияға қол қойып отырмыз. Мұның рәміздік мәні бар. Бұл құжат өте маңызды әрі болашаққа арналған. Сондай-ақ біздің мемлекеттеріміздің ұлттық мүдделеріне толық сай келеді. Бұл бағытта арамызда ешқандай күмәнді мәселе жоқ. Қазақстан мен Тәжікстан сауда-экономикалық ынтымақтастықты белсенді дамытып келеді. Ұзақ жылдардан бері Қазақстан – Тәжікстанның екінші ірі сауда серіктесі. Тек былтырдың өзінде екіжақты сауда айналымы 18,5 пайызға артып, 1,4 миллиард долларға жетті. Қазіргі жағдайда бұл – жақсы нәтиже. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік және басқа да салалардағы бірқатар экономикалық жоба жүзеге асырылу сатысында тұр. Сіздің сапарыңыз аясында экономиканың түрлі секторындағы өзара іс-әрекетті одан әрі кеңейтуге бағытталған жаңа келісімдердің маңызды топтамасына қол қойылады, – деді Қазақстан Президенті.

Келіссөз барысында қазақ-тәжік ынтымақтастығын одан әрі дамыту келешегі талқыланды. Сондай-ақ сауда-экономикалық, соның ішінде өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және көлік салаларындағы ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше назар аударылды.

– Осы сапар кезінде елдеріміз арасындағы ынтымақтастықтың перспективаларына қатысты бейресми әрі өзара сенімге негізделген жағдайда пікір алмастық. Ең бастысы, сауда көлемін екі миллиард долларға дейін арттыруға мүмкіндік бар. Біз бизнесмендердің 1,8 миллиард доллар көлеміндегі келісімшарттарға қол қойғанына көңіліміз толатынын атап өттік. Бұл – өте жақсы нәтиже. Екі ел үкіметтері осы келісімшарттардың орындалуын мұқият қадағалап отыруға тиіс. Біздің берік әрі ұзақмерзімді қарым-қатынасымыздың мызғымас негізі – тығыз мәдени-гуманитарлық байланыстар, – деді Президент.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел арасындағы рухани, мәдени байланысқа тоқталды. Президенттің айтуынша осы жылы Қазақстанда Тәжікстанның мәдениет күндері өтеді. «Былтыр Душанбеде Қазақстан киносы күндері табысты өткізілді. Биыл біздің елімізде Тәжікстанның мәдениет күндерін өткізу жоспарланып отыр. Біз осы шараға мұқият дайындалуымыз керек», деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Эмомали Рахмон Қазақстанға шақырғаны және қонақжайлық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

– Тәжікстан мен Қазақстан – стратегиялық серіктестер. Қарым-қатынасымыз тұрақты түрде дамып келеді. Біз оны одан әрі нығайтуға баса мән береміз. Қазақстан бүгінде басты сауда серіктестеріміздің арасында екінші орында. Былтыр тауар айналымының өсімі 20 пайыздан асты. Біз басқа салаларда да қарқынды диалог жүргіземіз. Сізбен елдеріміздің әлеуметтік-экономикалық даму перспективаларын, сондай-ақ халықаралық және өңірлік мәселелерді талқылауға дайынмын. Сізді және барша Қазақстан халқын Парламент сайлауының сәтті өтуімен құттықтаймын. Сізге алдағы уақытта бауырлас Қазақстанның дамуына бағытталған реформаларды жүзеге асыруда табыс тілеймін. Біз тұрақты байланыстар мен жоғары деңгейдегі ұзақмерзімді саяси диалогтің игі дәстүрлерін сақтап, одан әрі кеңейтеміз. Мен достық қарым-қатынасымызды жоғары бағалаймын, – деді Тәжікстан Президенті.

(Соңы 2-бетте)

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Э. Рахмонды «Алтын Қыран» орденімен наградтау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан айрықша үлесі үшін Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмон «Алтын Қыран» орденімен наградталсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Акорда, 2023 жылғы 2 мамыр
№ 205

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Визасыз режім елімізге не береді?

Қазақстан мен Қытай азаматтары үшін өзара 30 күнге дейін визасыз кіру режімі енгізілетіні туралы жаңалық жарияланды. Сыртқы істер министрлігі әзірлеген қаулыға сәйкес екі ел азаматтары төлқұжат арқылы саяхаттау, емделу, іскерлік кездесулер өткізу үшін көрші мемлекетке 30 күнге дейін визасыз кіре алмақ. Бұл құжат әлі күшіне енбегенін айта кету керек.

Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Ел мүддесі – экономикалық мүдде

Жақында Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров Қытай азаматтары үшін Қазақстанға 14 күнге дейін визасыз кіру мүмкіндігі өткен жылғы жазда берілгенін, сол уақыттан бері еларалық барыс-келісте жүйесіздік болмағанын және визасыз режим мерзімін 30 күнге дейін ұзарту Қазақстан үшін тиімді екенін айтты.

«Қытай – экономикасы алпауыт ел. Қазақстан және Орталық Азия елдері үшін негізгі сауда серіктестерінің бірі. Егер екі ел арасында өзара визасыз режим енгізілсе, жеке азаматтар ғана емес, жүк көлігін жүргізушілер де шекарадан визасыз өте алады. Бұл біраз мәселені шешеді. Арадағы сауда-саттық өсіп, өңіраралық ынтымақтастық нығаяды, экономикамызға оң әсер етеді. Қазақстан – Орталық Азияда Қытаймен визасыз режім орнатқан жалғыз мемлекет. Мұны біз дипломатиялық жеңіс деп есептейміз», деді ҚІМ өкілі.

Ресми деректерге сәйкес 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан, Қытай және Орталық Азия елдері арасындағы тауар айналымы 31,9 пайызға өсіп, 32,1 млрд долларды (2021 жыл – 24,3 млрд доллар) құрады.

(Соңы 4-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

Егіндікөлдегі ауыз су тапшылығы

Егіндікөл ауданының ертеңі бұлыңғыр. Соңғы он жыл ішінде аудан халқы үш есеге жуық азайған. Үдере көшудің басты себебі – ауыз судың тапшылығы.

Байқал БАЙӘДІЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Жалғыз Егіндікөл ауданы ғана емес, қияндағы Қорғалжын мен Атбасар аудандарының оннан астам елді мекенін ауыз сумен қамтитын Нұра су құбырына жарты ғасырдан бері жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Елу жылдан бері тәмам елге қызмет етіп келе жатқан су құбырының бүгінде сау тамтығы жоқ. Мамандардың айтуына қарағанда, 90 пайызға жуық жері әбден шіріп, қаусап тұр. Шіріген құбырға су тұрушы ма еді. Шығын да шаш-етектен. Нұраның бойынан бастау алып, Атбасарға жеткенше құбыр ішіндегі судың 70-80 пайызы шығын болады екен, қалғаны бейнелеп айтқанда, ауыз жарымайтын жұқана. Аудан тұрғындары отыз жылдан астам уақыт бойы ауыз судың зардабын тартып келеді.

– Өткен қыста екі ай сусыз отырдық, – дейді облыстық мәслихаттың депутаты Әбілқайыр Ошақбаев. Жазда да көрген күніміз осы. Тіпті жуынатын да, тамақ жібітетін де су жоқ. Егер жерасты суы болса баяғыда-ақ ұңғыма қазып алар едік. Жерасты суы болмағаннан кейін көрешекті көріп отырмыз. Осындай белден кешкен бейнетке шыдамаған аудан тұрғындары соңғы қазығын суырып көшіп жатыр. Оларға өкпелеудің де жөні жоқ шығар.

(Соңы 7-бетте)

ТОЛҒАНДЫРАР ТАҚЫРЫП

Блогер мәртебесі:
Жауапкершілік пен адамгершілік

«Ерінбеген етікші болады» демекші, қазіргі таңда ерінбегеннің бәрі – блогер. Кейінгі кезде интернетке қолы жетіп, смартфоны барлар әлеуметтік желінің белсендісіне айналып, қоғамдық пікірді қалыптастыруда да, жеке мүддесін көксеуде де «ысқырығы жер жарады».



Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Тіпті қазір базбіреулер «блогерлер дәстүрлі журналистерді алмастыруы мүмкін» деген пікір айтып жүр. Осы орайда, «блогер деген кім?», «оның жауапкершілігі бар ма?» деген заңды сауал туындайды. Сарапшылар блогер мен әлеуметтік желі белсендісінің айырмашылығы бар екенін, журналист пен блогер тең емес екенін алға тартады. Күні кеше Мәжіліс депутаты Анас Баққожаев Премьер-министр Әлихан Смайылов пен Бас прокурор Берік Асыловқа азаматтардың әлеуметтік желілердегі мәлімдемелері үшін жауапкершілігі туралы мәселе көтерді.

(Соңы 5-бетте)

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: **EUR/KZT** 492.22 **USD/KZT** 445.29 **RUB/KZT** 5.69 **CNY/KZT** 64.39